

Әдістемелік бөлім

**Тасқала аудандық орталықтандырылған
кітапханалар жүйесі**

Әдістемелік бөлім



Муцирепов Ф.
«Көркемсөз зергері»

Ғ.Мүсірепов (1902- 1985)

/библиографиялық -әдістемелік құрал /

Тасқала 2017

Алғы сөз

Биыл қастерлі қасиеттерімен алты Алаштың атын айдай әлемге паш еткен халқымыздың біртуар перзенттерінің бірі, Қазақ әдебиетінің классигі, Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР халық жазушысы, драматург, аудармашы, публицист, қоғам қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Бірнеше мемлекеттік ордендердің иегері Ғабит Махмұтұлы Мүсіреповтің туғанына 115 жыл толғалы отыр.

Ана тілдің тұнып тұрған бейнелеу, бедерлеу, суреттеу, зерлеу құдіретін, пластикалық икемді қасиетін кеңінен танытқан, зеріне зер, зердесіне зейін қосқан, туған халқының асқақ рухын әспеттеген Ғабит Мүсірепов – ұлттық мәдениетіміздің тарихындағы үлкен тұлға. Жазушының кейінгі ұрпаққа қалдырған бай мәдени мұрасы туған әдебиетімізді әлемдік өреге шығарды.

Ұсынылып отырған көмекші құрал көпшілік оқырмандар мен кітапханашыларға жазушының өмірі мен шығармаларымен кеңірек танысуға арналған.

Жазушы туралы замандастарының ой - пікірлері

«Ғабит Мүсірепов өзін де, өзгені де қайталамайды».

Тәкен Әлімқұлов

«Мүсіреповті мақтаудың қажеті жоқ,
Мүсіреповпен мақтану керек».

Зейнолла Қабдолов

«Мұхтар мен Ғабит ескі қазақ жырын, қазақ
тұлғаларын әлемге әйгілесе, ол ескілер бұл екеуін де
әлемге әйгіледі»

Ғабиден Мұстафин

«Мүсірепов болса қашан да таңдауға лайық тұлға!»

Әбдіжамал Нұрпейісов

« Қазақ әдебиетінде Әуезовтен кейінгі билікті
иеленген Ғабит Мүсірепов еліне, ұлтына, әдебиетіне
адалдығы жағынан да, айналасына жастар тобын
шоғырландырып, оларды қорғап, қолдап отыру
жағынан зор құрметке лайық».

Шыңғыс Айтматов

Ғабеке, анда- санда Сізді көрем,
Сізді көрсем, жомарт бір күзді көрем.
Еліктеп өзіңізге, есім кетіп,
Көгендеп ақ қағазға тіздім өлең.

Мұқағали Мақатаев

«Әр халықтың армандай әлдилеген аяулысы болады, ал халық ондай аяулысының есімін қашан да бойтұмардай қастер тұтады. Қазақ халқы үшін ондай есімдердің бірі – Ғабит Мүсірепов».

Мырзатай Жолдасбеков

« Қазақ сөз өнеріндегі жазуы да, стилі де, адамгершілік аясы мен талғамы да ешкімге ұқсамайтын өте күрделі тұлға – Ғабит Мүсірепов».

Тұрсын Жұртбай

« Қазақ әйеліне әдемі, сұлу, шырайлы әдеби ескерткіш қойған қазақ жазушыларының бірі – сөз сергері Ғабит Мүсірепов»

Сағындық Ордабеков

«... Ұлпан бейнесі – тұтас бір дәуірдің, тарихи үлкен кеңістіктің кетігін бір өзі толтырғандай кесек бейне».

Жұмағали Ысмағұлов

«...Мүсіреповтің драматургиялық шығармаларының өміршеңдігінің сыры –тарихта болған адамдар мен тарихи оқиғаларды қамтуында».

Қалихан Ысқақ

Өмірбаяны



Мүсірепов Ғабит Махмұтұлы (1902-1985) - қазақтың әйгілі жазушысы, қоғам және мемлекет қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, әдеби сыншы, аудармашы, Социалистік Еңбек Ері, Қазақстанның халық жазушысы, Қазақ КСР Ғылым академиясының Абай атындағы және Ш.Уәлиханов атындағы мемлекеттік

сыйлықтарының лауреаты.

Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданында дүниеге келген. Алғашқыда ауыл молдасынан арабша хат таныған. Ғабит жастайынан әуелі екі жылдық ауылдық орыс мектебінде, кейін төрт жылдық жоғары басқыш орыс мектебін бітірген. Қазақ төңкерісінен кейін үстемдік алған Кеңес өкіметінің жұмысына әжептеуір орысша сауаты бар адам ретінде араласып, түрлі қызмет атқарған. Орыс мектебінде жүргенде орыстың атақты ақын жазушыларының шығармаларын оқып білуі, ауыл мектебінде өзін оқытқан әдебиетші мұғалім Бекет Өтетілеуовтың әсер ықпалы болашақ жазушының әдебиетке ерекше ықылас аударуына септігін тигізеді. 1923-26 жылдары Орынбор қаласындағы жұмысшы факультетіне (рабфак) оқуға түсіп, оны бітірісімен Омбыдағы ауыл шаруашылық институтында оқыған. 1927-1928 жылдары - Бурабай орман шаруашылығы техникумында оқытушы, 1928-1933 жылдары Қазақ мемлекеттік баспасының бас редакторы, 1934-1938

жылдары «Социалистік Қазақстан» (Егемен Қазақстан) газетінің редакторы, Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты өнер секторының меңгерушісі, Қазақ өлкелік комитетінің баспасөз бөлімінің меңгерушісі, Қазақстан Компартиясы саяси-ағарту бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1938-1955 жылдары бірыңғай шығармашылық жұмыстармен айналысқан. 1956-1957 жылдары - «Ара» - «Шмель» журналының бас редакторы, 1957-1985 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы, КСРО Жазушылар одағы басқармасының хатшысы қызметтерін атқарған. 1958 жылдан КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы әдебиет, өнер және сәулет салалары бойынша Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комитеттің мүшесі болған. Ғ.Мүсіреповтің тұңғыш повестерінің қатарына «Тулаған толқында» мен «Американ бидайығы» шығармалары жатады. Жас жазушының болашағынан үміт күттірген бұл туындылар азаматтық тақырыпты толғайды. Ғ.Мүсірепов әңгіме жанрының өркендеуіне үлкен үлес қосты. Алғашқы шығармаларынан-ақ жазушылық шеберлігімен танылған. «Қос шалқар», «Көк үйдегі көршілер», «Шұғыла», «Үздіксіз өсу», «Жайлау жолында», «Тұтқын қыз», «Жеңілген Есрафил» тағы басқа әңгіме, повестерінде еңбек адамдарының қиындыққа толы қажырлы өмірі мен азамат соғысы, ұжымдастыру кезіндегі дүрбелең оқиғалар легі суреттеледі. «Талпақ танау» әңгімелері мен «Бір адым кейін, екі адым ілгері» повесі жыл аралатып барып, бірінен кейін бірі жарық көреген. Оның бұл шығармалары қазақ әдебиетіне жазу стилі қалыптасқан, көркемдік шеберлігі ерекше жаңа суреткердің келгенін жария еткен еді.

Шығармашылық жолының бір белесін аналар туралы әңгімелер топтамасымен түйіндеген жазушы енді кең тынысты туынды жазуға кіріседі. Екінші дүниежүзілік соғыстың аяғын ала ол өзінің тұлғалы туындысы «Қазақ солдаты» романын жазған. Роман тың тақырыбымен, образдарының көркем бейнеленуімен, сюжет құру шеберлігімен, тартымды тамаша тілімен таңдаулы қазақ романдарының қатарына қосылады. Бұдан кейін ол араға біраз уақыт салып барып, өзінің ең ірі салалы да салиқалы шығармасы «Оянған өлке» романын жариялайды бес алты жыл салып барып, прозадағы соңғы елеулі туындыларының бірі «Ұлпан» повесін жариялайды. Сонау отызыншы жылдарда ақ үлкен драматург екенін танытып, «Қыз Жібек» операсының либреттосын, «Қозы Көрпеш Баян сұлу» пьесасын берген Ғ.Мүсірепов кейінгі жылдарда да бүкіл қазақ драматургиясының тамаша туындысы болып табылған «Амангелді», «Ақан сері - Ақтоқты», «болашаққа аманат», «Қыпшақ қыз Аппак», «Қайран Майра» атты драмалық шығармаларын жазған. Сценариін Б.Майлин, В.Ивановпен бірігіп жазған «Амангелді» фильмі (1938) қазақ кино өнерінің алғашқы баспалдағы саналса, «Махаббат туралы дастан», «Қыз Жібек» (1970) фильмдері қазақ кино өнерінің алтын қорынан орын алған туындылар. Көркем аудармада О.Генри, С.Тагарао, М.Горький, М.Шолохов, У.Шекспир, К.Симонов, А.Штейн, Ж.Мольер, тағы басқа қаламгерлер пьесаларын қазақ тіліне аударған.

Ғ.Мүсірепов көрнекті қоғам, мемлекет қайраткері. 1932 жылы шілде айында ол республикаға танымал адамдармен бірлесе отырып, халықтың басына төнген аштық нәубеті жайында БКП(б) қазақ өлкелік комитетіне -

«Бесеудің хатын» жолдаған. Қазақ прозасының шоқтығы биік туындысы саналған осы романынан кейін жазушы қайтадан шағын жанрға ойысады. Сөйтіп әңгіме жанрында зергер суреткерлігімен танылған ізденімпаз жазушы, көркемдік шеберлігін барған сайын шындап, әр әңгіме, повесі сайын жаңа бір белеске көтеріліп отырады. 1968 жылы «Кездеспей кеткен бір бейне» кітабы үшін Абай атындағы республикалық сыйлық алады. Араға Ғ. Мүсірепов өзінің қоғамдық, публицистік, журналистік, сыншылдық қызметімен де туған халқының мәдениетінің дамуына зор еңбек сіңірді. Алайда қазақ халқы оны үлкен суреткер жазушы деп таниды, көркем сөздің хас шебері деп біледі, құрмет тұтады. Ол бірнеше мәрте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің, бір рет КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болып сайланған. Үш мәрте Ленин орденімен және екі мәрте Еңбек Қызыл Ту орденімен, Октябрь Революциясы орденімен және көптеген медальдармен марапатталған. Қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театрына жазушының есімі берілген.

1991 жылы қайраткер тұрған үйде Ғ.Мүсірепов атындағы әдеби-мемиоралдық мұражай үйі ашылған. 2002 жылы 100 жылдық мерейтой қарсаңында Солтүстік Қазақстан облысындағы бір ауданға, Астана қаласындағы көшелердің біріне Ғ.Мүсіреповтің есімі беріліп, Алматыдағы Қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театры алдына қоладан ескерткіш мүсіні қойылған.





Ғабең жанұясымен бірге.



«Ғабит Мүсірепов –көсемсөз шебері» әдеби кеш

Мақсаты: Заманымыздың заңғар жазушысы Ғабит Мүсіреповтің өмірі, шығармашылығы туралы маңызды мәліметтермен, ұрпағына қалдырған қанатты сөздерімен таныстыра отырып көркем әдебиетті сүйеге, көркем шығармаларды мәнерлеп оқи білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Жазушы шығармалары бойынша кітап көрмесі, буклеттер, альбомдар, суреттер, дәйек сөздер, слайд.

Кітапханашы: - Құрметті шақырулы қонақтар, кітапхана оқырмандары! Бүгінгі әдеби кешімізді қастерлі қасиеттерімен алты Алаштың атын айдай әлемге паш еткен халқымыздың біртуар перзенттерінің бірі Ғабит Махмұтұлы Мүсіреповтің өмірі мен шығармашылығына арнап отырмыз. Қазақ халқы үшін басын тауға да, тасқа да соққан қазақтың біртуар ұлының бірі, әдебиет алыбы, жазушы Ғабит Мүсіреповтың туғанына 115 жыл толып отыр.

Қазақ халқының мәдениетінің, әдебиетінің дамуында жазушы есімі ерекше орын алады. Ғабит бар халықты талантына бас идірген жазушы, қоғам қайраткері, драматург, редактор.

Ғабит Мүсірепов қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Жаңажол ауылында 1902 жылы 22 наурызда дүниеге келген. Әкесі Махмұт кедей шаруа болған. Ғабит Мүсірепов 9 жасқа дейін өз ауылында оқып, арабша хат таныды.

1-оқырман: - Жазушы туралы қанша айтса да жарасады. Дәл осы уақытта біздің арамызда жүрмесе де, оның көпжанрлы әңгімелері, новеллалары, очерктері, романдары бізбен бірге. Ауыл молдасынан оқып, хат таныған Ғ. Мүсірепов 1917 жылы Қостанай уезінің Обаған болысындағы екі сыныптық орыс мектебіне оқуға түседі. Болашақ жазушының көркем әдебиетке деген құштарлығын оятуға осы мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берген ақын әрі көрнекті педагог Бекет Өтетілеуовтің ықпалы күшті болды. Ғабит Мүсірепов бұл кісіні өзінің «Автобиографиялық әңгімесінде» үлкен құрметпен еске алады. «Бекет менің қиссаға құмарлығымды білгеннен кейін, мені әдебиетке тура тарта бастады. Әуелі «Жиған-терген» деген өзі шығарған өлеңді берді. Содан соң ол маған бір жетіге "Шаһарман" қиссасын беріп. Кейін ертегі ретінде түгел айтқызып шықты» деп еске алады. Бекет Өтетілеуов 1883-1949 жылдары өмір сүрген Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармаларын Абайдан кейін қазақшаға аударған қазақ балаларын орыс тілін үйрету мәселелерімен шұғылданған педагог-жазушы. Ғабит Мүсіреповтың балалық шағын еске ала отырып, оның оқытушысымен әңгімелескен жерін тамашалаңыздар.

Көрініс көрсету.

2- оқырман: «Ғабит Мүсіреповті мақтаудың керегі жоқ. Ғабит Мүсіреповпен мақтануымыз керек» деп Зейнолла Қабдолов айтқандай жазушының еңбек жолын айтатын болсақ, «Қазақстан» баспасының бас редакторы, Қазақ АКСР Оқу халық комиссариаты өнер секторының меңгерушісі. «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» газеттерінің бас редакторы, Қазақ өлкелік комитеті баспасөз бөлімі меңгерушісінің орынбасары, 1937 жылы

Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті саяси – ағарту бөлімінің меңгерушісі болады. 1937-1938 жылдарда қара дауылдай соғып тұрған сталиндік репрессия қазақ халқының ең білімді, ең саналы зиялыларын баудай түсірді: қазақ әдебиетінің негізін қалауға ат салысқан С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров т.б. бастаған ақын жазушылар нақақ жаланың құрбаны болды. Жалған айып тағылып, өлім жазасына ұшыраған көрнекті ақын, жазушылардың қырқылып кетуі қазақ мәдениетін орны толмас шығынға душар етті. Дәл осы кезде өз басына қауіп-қатер төніп тұрғанына қарамастан, азаматтық келбетін жоғалтпай, адал бағытынан таймағандардың бірі-Ғабит Мүсірепов еді. Оның жазушы Бейімбет Майлинді қаралаушылар дүрмегіне қосылмай, «Бейімбет халық жауы болса, мен де халық жауымын», деп сөйлегені бүкіл елге мәлім болған.

3- оқырман: Жазушы, драмашы, публицист Ғабит Мүсіреповтың көп қырлы, сан қырлы шығармаларының бір саласы- новеллалар мен әңгімелер. Ғабит Мүсіреповтың қазақ әдебиетінде әкелген идеялық- көркемдік жаңалықтары аз емес. Мұның бір қыры ана туралы новеллалар еді. Көпшілікті елең еткізген кейіпкер аналары мен қыздар әр оқырманның жүрегінен ерекше орын алады. Жазушының қаламына арқау болған аналар, қыздар туралы шығармалары: «Ұлпан» романы ондағы Ұлпан бейнесі, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастанындағы Баян бейнесі, «Ананың анасы» әңгімесіндегі Ер ана бейнесі бүкіл ана атаулының қыр сырын ашып бергендей т.б. шығармалары да бар.

Осы аталған шығармалардан үзінді тамашалайық.

Шығармаларының бірінен үзінді көрсету.

4- оқырман: Қазақ әдебиетінің классигі, академик Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов мағыналы да мәрт, сырбаз да сұлу ғұмыр кешті. Ол өз елін, тілін, өнерін, еркіндікті, әділетті, өмірді сүйді. Тіл - қасиетті, құдіретті, киелі. Бұл қасиеттер бойға ананың ақ сүтімен дариды. Тіл өшпейді, қандай қиындықта да тіл өз ұрпағының қанына, жанына өз ұрығын егіп, өміршең күй кеше береді. "Тұлға -тұтас әлем" десек, назарларыңызға ұсынылып отырған қанатты қайырымдар топтамасы – Ғабеннің рухани әлемінен теріп алынған ой үзіктері. Жазушы аманаты - айтқаны. Кейінгі ұрпақ көңіл төріне қондырып, зердесіне тоқып жатса– қайтқаны. Ел, жер, тіл туралы айтылған пікірлерін тыңдаңыздар.

5– оқырман: Қазақ деген ел – бостандық, азаттық сүйетін, даланы, таза ауаны, таза суды, таза көгалды сүйетін халық.

6 - оқырман: Қазақ елі – өз мұңын өзі ойлап, өзі ізденіп тіршілік деген кең майданда сыналған ел.

7 – оқырман: Елің үшін мақтан, елің үшін қайғыр.

8–оқырман: Ана тілінен айырылған адам өз халқы жасаған мәдени мұраның бәрінен құралақан қалады.

9- оқырман: Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Ана тілін өгей ұлдары ғана менсінбейді.

10 - оқырман: Ана тілі дегеніміз –сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі.

11- оқырман: Тіл –сөйлеу, сөйлесу, оқу –үйрену, жазу- сызу арқылы өседі. Бұл үшеудің біріне көңіл аудармау – үлкен қылмыс.

12 – оқырман: Тілдің бояуы бозандап, қыры сынбауы керек. Қыранға айтар теңеуді көрінген құсқа айта алмайтын болайық. Сөздің мөрі өшпесін, малталанбасын. Тілді оралымсыз, көмескі етіп алмайық.

13 –оқушы: Жазушыға үш кеңес:

1. Қызыға жаз, қыза жаз, ой сала жаз!
2. Ойланып жаз, ойлы жаз, ой сала жаз, ойландыра жаз!
3. Бізамен жаз, кекпен жаз, кектендіре жаз!

Осы үшеуінсіз шығармаға жан кірмейді.

Кітапханашы: Жазушы туралы сөзжұмбаққа кезек берейік.

1. Ғабит Мүсіреповтің ағасы /Хамит/.
2. Жазушы неше мәрте Ленин орденімен марапатталған /үш/
3. Жазушының анасы /Дина/
4. 1934 жылы Бейімбет Майлинмен жазған пьесасы / Амангелді/
5. Ғабиттің ана тақырыбындағы шығармасы» / Ананың арашасы»/
6. Жазушы кімнің ықпалымен әдебиетке ықыласы ауады? / Бекет Өтетілеуов/
7. Жазушының әйел - ана бейнесін толықтыратын туындысы, атақты романы / «Ұлпан»/

8. «Ғабит Мүсірепов –ардақты ат! Мүсіреповті мақтаудың керегі жоқ, Мүсіреповпен мақтану керек деген жазушы» /Зейнолла Қабдолов/
9. Ғабиттің досы, әрі құдасы / Сәбит Мұқанов/

Кітапханашы: «Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, Өлмейтұғын артында сөз қалдырған» деп ұлы Абай айтқандай, ұлы суреткер, көркем сөздің зергері атанған Ғабит Мүсірепов есімі ешқашан өлмейді. Жазушыға арналған әдеби кешімізді Ғабит атамыздың 1985 жылғы 28-желтоқсандағы өсиет сөзімен түйіндедекпіз.

Ғабенің ақтық тілегі

«Туған елге соңғы сөз.» Кешегі өткен Ғабиден досқа «Енді екі жыл жүрсек жетпей ме?!» дегенім бар еді. Сол мәлшерім мәлшер екен. Қойны суық қасиетті қара жер құшағына, міне, мен де кеткелі жатырмын.

Үмітпен, күреспен, сеніммен өткізген ұзақ ғұмырымды қорыта қарасам, қуанышым да, ренішім де мол екен. Жаңа қазақ мемлекетінің биік туы менің алдымда көтерілді. Бүгінде күллі әлем назары ауған іргелі елге айналдық, бірақ әдебиет пен өнер ұлы болмаған жағдайда ұлт ұлы болып есептелмейтінін ұмытпайықшы. Жан сүйінтер бірлік жоқ жерде саналы тірлік те жоқ. Кейде мыстың алтынға, қыранның қарғаға телініп жататыны осының кесірі. Үлкен өнердің үлкен таза мінезі болуы керек.Өзім ірге тасын қаласқан қазақтың ата әдебиеті атынан, өздерің қадір тұтқан

алыптар атынан өтінемін: мені соңғы сапарға шығарып саларда осы ақтық тілегімді еске алыңдаршы!

Қалам ұстауға халім болмағандықтан хатты Әлжаппар мен Мұхтарға /Әбішев пен Мағауин/ айтып жаздырдым.

Ал қасиетті елім, жерім, қайыспас дос- жаран, ағайын- туыс, сәулелі жас ұрпақ, қош, қош болыңдар!»




Кітап көрмесі таныстырылады.

Шығармалары

1. Мүсірепов, Ғ. Оянған өлке: Роман / Ғ. М. Мүсірепов.- Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1961.- 500 бет.
2. Мүсірепов, Ғ. Оянған өлке: Роман / Ғ. М. Мүсірепов.- 2-бас.- Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1962.- 500 бет.
3. Мүсірепов, Ғ. Өмір жорығы: Әңгімелер / Ғ. М. Мүсірепов.- Алматы: Жазушы, 1965.- 97 бет.
4. Мүсірепов, Ғ. Кездеспей кеткен бір бейне: поэма, әңгімелер және очерктер / Ғ. Мүсірепов.- Жазушы, 1968.- 203 бет.
5. Мүсірепов, Ғ. Қазақ солдаты / Ғ. Мүсірепов.- Гурьев, 1970.
6. Мүсірепов, Ғ. Достық сапары: әңгімелер мен очерктер / Ғ.Мүсірепов; құрастырған Ә. Нарымбетов.- Алматы: Жазушы, 1971.- 128 бет.
7. Мүсірепов, Ғ. Ананың арашасы: балаларға арналған әңгіме / Ғ. Мүсірепов; суретші М. Нұрлыбаев.- Алматы: Жазушы, 1972.- 16 бет.

8. Мүсірепов, Ғ. Қос Шалқар: балаларға арналған әңгіме / Ғ. Мүсірепов.- Алматы: Жазушы, 1973.- 14 бет.
9. Мүсірепов, Ғ. Ұлпан: повесть / Ғ. Мүсірепов.- Алматы: Жазушы, 1975.- 280 бет.
10. Мүсірепов, Ғ. Таңдамалы. Үш томдық. Т. 3. Романдар мен поэма.- Алматы: Жазушы, 1980.-584 бет.
11. Мүсірепов, Ғ. Көп томдық шығармалар жинағы. 2 том. Повестер / Құраст. Ә. Нарымбетов.- Алматы: Жазушы, 2002.-264 бет.
12. Мүсірепов, Ғ. Ұлпан: Роман.- Алматы: Раритет, 2006.- 256 бет.- «Алтын қор» кітапханасы.
13. Мүсірепов, Ғ. Жиырма төрт сағатта: Арал аңызы / Ғ. Мүсірепов; қазақ тілінен орыс тіліне аударған Н. Гордеева, В. Дудинцев; суретші В. Григорьев.- Алматы: Жазушы, 1970.- 96 бет.- қазақ, орыс тілдерінде.
14. Мусрепов, Г. Девочка Наргоз, щенок Кумай и котенок Мяу: сказка / Г. Мусрепов; пер. С каз. О.Юоровской.- Алма –Ата: Жалын, 1985.- 20 с.
15. Мусрепов, Г. Улпан ее имя: роман; Однажды и на всю жизнь: повесть / Г. Мусрепов; авториз. Пер. С каз. А. Белянинова.- Алма- Ата: Жалын, 1982.- 368 с.
16. Мусрепов, Г. Рассказы разных лет / Г. Мусрепов; пер. с каз.- Алма –Ата: Жазушы, 1979.-336 с.
17. Мусрепов, Г. Солдат из Казахстана: повесть / Г. Мусрепов; авториз. Пер. с каз. С. Злобина; худ. Н. Иванов.- Алма –Ата: Жазушы, 1979.- 208 с.

18. Мусрепов, Г. Черты эпохи: статьи и речи / Г. Мусрепов; сост. А. Нарымбетов.- Алма-Ата: Жазушы, 1986.- 416 с.
19. Мусрепов, Г. Пробужденный край: роман: в 2 кн. / Г. Мусрепов.- Алма-Ата: Жазушы.
Кн. 1 / авториз. Пер. с каз. Н. Гордеева, В. Дудинцева; предисл. Г. Ломидзе.- 1985.- 446 с.
Кн. 2./ авториз. Пер. с каз. М. Симашко. Г. Мусрепов.- 1985.- 446 с.
20. Мусрепов, Г. Улпан / Г. Мусрепов.- Таллин: Ээсти раамат, 1982.- 312 с.



Өмірі мен шығармашылығы

1. Ақмурзин, С. Көркем сөздің зергері, халық сүйген суреткер [Ғабит Мүсіреповтің туғанына 70 жыл] / С. Ақмурзин // Орал өңірі.- 1972.-22 март.
2. Ғ. Мүсіреповтің торқалы тойы / ҚазТАГ // Социалистік Қазақстан.-1972.-24 март; Жетісу.- 1972.- 24 март; Коммунизм туы.-1972.- 24 март; Торғай таңы.- 1972.- 24 март; Қызыл ту.- 1972.- 24 март; Еңбек туы.- 1972.- 24 март; Октябрь туы.- 1972.- 24 март; Коммунизм таңы.- 1972.- 24 март.
3. Нарымбетов, Ә. Көркем сөздің дүлдүлі / Ә. Нарымбетов // Орал өңірі.- 1977.- 15 март.
4. Оралбеков, О. Ғабит Мүсірепов – очеркист / О. Оралбеков // Орал өңірі.- 1973.- 7 декабрь.
5. Садықов, С. Дарынды драматург [Ғ. Мүсіреповтің пьесалары туралы] / С. Садықов // Орал өңірі.- 1972.-22 март.
6. Сурнин, В. Бәрімізге ыстық есім [Ғ. Мүсіреповтің туғанына 70 жыл] / В. Сурнин // Орал өңірі.- 1972.- 22 март.
7. Старейшина казахской литературы // Приуралье.- 1982.- 25 марта.- (Литературный вечер посвященный 80- летию Г. М. Мусрепова).
- 8.Тлеужанов, М. Палитра большого мастера / М. Тлеужанов // Приуралье.- 1982.-13 марта.- (К 80- летию писателя Г. Мусрепова).
9. О награждении писателя Мусрепова Г.М. орденом Дружбы народов: Указ Президиума Верховного Совета СССР от 19 марта 1982 г. // Литературная газета.- 1982.- 31 марта (№ 13).- с.1.

10. Слова прощания: высказывания / авт.: О. Сулейменов; Д. Снегин; А. Нурпеисов и др. // Казахстанская правда.- 1986.- 3 января.- (Памяти писателя Г. М. Мусрепова).
11. Тунельдиков, А. Певец пробуждения / А. Тунельдиков // Путь к коммунизму.- 1982.- 23 марта; Ленинское знамя.-1982.- 23 марта.- (О творчестве народного казахского писателя Г. Мусрепова)
12. Черноголовина Г. Такие книги бессмерты / Г. Черноголовина // Огни Алатау.- 1986.- 3 января.- (О произведениях советского писателя Г. Мусрепова).



Суреттер сыр шертеді...



Жазушы Д. Қонаевпен бірге



Қос жазушы Ғ. Мүсірепов пен С. Мұқанов.



Жазушылар
қолтаңба беруде.
1959 жыл



Солдан оңға қарай:
Ә.Нұршайықов, Ғ.Мүсірепов
және Е.Рахмадиев. 1978 жыл




Демалыс сәтінде.



Әріптестер ортасындағы бір сәт.







Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы
Ғ. Мүсірепов ауылындағы жазушы мұражайы.





Жазушы Ғ. Мүсіреповтің мүсіні. Алматы қаласы.



Ғабит Мүсіреповтің зиратында.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстанның көркем әдебиеті. (1958-1967): Библиографиялық көрсеткіш (екі кітаптан тұрады) / ҚР Ұлттық кітапханасы; Құраст.: А. Нұрсейітова, Ә. Сәйдембаева; Алғы сөзін жазған: С. Қирабаев.- Алматы: «Мектеп», 2008.- 2-кітап.- 25- 35 беттерде.
2. Қазақстанның көркем әдебиеті. (1967-1977): Библиографиялық көрсеткіш (төрт кітаптан тұрады) / ҚР Ұлттық кітапханасы; Құраст.:М.К. Әбілова;ред.: Ғ. Тәшімбай, А. К. Рахимова; Алғы сөзін жазған: А. К. Рахимова.- Алматы: «RUAN» ЖСШ баспа компаниясы, 2011.- 2-кітап.- 231- 244 беттерде.
3. Художественная литература Казахстана (1978-1987): библиографический указатель / сост.: Э. Г. Оразбакова, Р. Т. Аженова; ред. А. Ш. Сайдембаева.- Алматы. ИП «Кайнар принт» Малик Н. Б.,2016.- Книга. 1.-543с.
4. Ғабит Мүсірепов Қазақ әдебиетінің классигі (1902-1985) // Аңыз адам.- № 18.- Қыркүйек, 2012 жыл.
5. Айтқалиева, Ә. Халық сүйген қаламгер / Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар.-№ 9, 2015.- 49-51 беттер.